

"Ақмола облысы Ерейментау ауданының аумағында жергілікті ауқымда табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 05 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 шілдеде № 6721 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Ерейментау ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Ақмола облысы Ерейментау ауданының аумағында жергілікті ауқымда табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6372 тіркелді, 2018 жылғы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.А.Манадыровқа жүктелсін.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау ауданының
әкімі*

В.Радченко